

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының басшы қызметкерлерін, басшы қызметкер лауазымына сайлауға (тағайындауға) ұсынылатын кандидаттарды келісу тәртібі және сақтандыру қызметін реттеу және қадағалау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның біліктілік комиссиясының өкілеттіктері туралы ережені бекіту туралы және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының "Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарында басшы қызметке сайлануға (тағайындалуға) тиісті қызметкерлерді келісу және сақтандыру қызметін реттеу және қадағалау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның біліктілік комиссиясының өкілеттіктері туралы ережені бекіту туралы" 2000 жылғы 24 тамыздағы N 328 қаулысының және Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарында басшы қызметке сайлануға (тағайындалуға) тиісті қызметкерлерді келісу және сақтандыру қызметін реттеу және қадағалау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның біліктілік комиссиясының өкілеттіктері туралы ереженің күші жойылды деп тану туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2001 жылғы 3 наурыздағы N 53 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2001 жылғы 20 сәуірде тіркелді. Тіркеу N 1473. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігінің 2004 жылғы 12 маусымдағы N 159 қаулысымен. V042955

"Сақтандыру қызметі туралы" 2000 жылғы 18 желтоқсандағы N 126-II ҚРЗ Қазақстан Республикасының Заңын жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының басшы қызметкерлерін, басшы қызметкер лауазымына сайлауға (тағайындауға) ұсынылатын кандидаттарды келісу тәртібі және сақтандыру қызметін реттеу және қадағалау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның біліктілік комиссиясының өкілеттіктері туралы ереже бекітілсін және Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін **к ү ш і н е е н г і з і л с і н .**

2. Сақтандыруды қадағалау департаменті (Құрманов Ж.Б.):

1) Заң департаментімен (Шәріпов С.Б.) бірлесіп осы қаулыны және Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының басшы қызметкерлерін, басшы қызметкер лауазымына сайлауға (тағайындауға) ұсынылатын кандидаттарды

келісу тәртібі туралы және сақтандыру қызметін реттеу және қадағалау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның біліктілік комиссиясының өкілеттіктері туралы ережені Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу шараларын қабылдасын;

2) осы қаулыны және Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының басшы қызметкерлерін, басшы қызметкер лауазымына сайлауға (тағайындауға) ұсынылатын кандидаттарды келісу тәртібі туралы және сақтандыру қызметін реттеу және қадағалау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның біліктілік комиссиясының өкілеттіктері туралы ережені Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізілген күннен бастап он күндік мерзімде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің орталық аппаратының мүдделі бөлімшелеріне, аумақтық филиалдарына және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарына жіберсін.

3. Осы қаулы және Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының басшы қызметкерлерін, басшы қызметкер лауазымына сайлауға (тағайындауға) ұсынылатын кандидаттарды келісу тәртібі туралы және сақтандыру қызметін реттеу және қадағалау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның біліктілік комиссиясының өкілеттіктері туралы ереже күшіне енгізілген күннен бастап:

1) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының "Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарында басшы қызметке сайлануға (тағайындалуға) тиісті қызметкерлерді келісу және сақтандыру қызметін реттеу және қадағалау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның біліктілік комиссиясының өкілеттіктері туралы ережені бекіту туралы" 2000 жылғы 24 тамыздағы N 328 қаулысының ;

2) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2000 жылғы 24 тамыздағы N 328 қаулысымен бекітілген Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарында басшы қызметке сайлануға (тағайындалуға) тиісті қызметкерлерді келісу және сақтандыру қызметін реттеу және қадағалау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның біліктілік комиссиясының өкілеттіктері туралы ереженің күші жойылды деп танылсын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Төрағасы Г.Марченкоға жүктелсін.

Ұ л т т ы қ Б а н к

Төрағасы

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Ұ л т т ы қ

Б а н к і

Б а с қ а р м а с ы н ы ң

2 0 0 1

ж ы л ғ ы

3

н а у р ы з д а ғ ы

N 53 қаулысымен бекітілген

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының басшы қызметкерлерін, басшы қызметкер лауазымына сайлауға (тағайындауға) ұсынылатын кандидаттарды келісу тәртібі және сақтандыру қызметін реттеу және қадағалау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның біліктілік комиссиясының өкілеттіктері туралы ереже

Осы Ереже "Сақтандыру қызметі туралы" 2000 жылғы 18 желтоқсандағы N 126-II Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі - Заң) және Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес әзірленді, сақтандыру қызметін реттейтін және қадағалайтын уәкілетті мемлекеттік органымен (бұдан әрі - уәкілетті мемлекеттік орган) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының басшы қызметкерлерін және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына (бұдан әрі - сақтандыру ұйымы) басшы қызметке сайлауға (тағайындауға) ұсынылатын кандидаттарды келісу тәртібін, сондай-ақ уәкілетті мемлекеттік органның біліктілік комиссиясының (бұдан әрі - біліктілік комиссиясы) өкілеттіктерін белгілейді.

1. Сақтандыру ұйымының басшы қызметкері (бұдан әрі - басшы қызметкер) және сақтандыру ұйымының басшы қызметіне сайлауға (тағайындауға) ұсынылатын кандидат (бұдан әрі - кандидат) Заңда белгіленген ең төменгі талаптарға сай болуы тиіс.

2. Басшы қызметкерді және кандидатты келісу үшін сақтандыру ұйымы уәкілетті мемлекеттік органға мынадай құжаттарды ұсынады:

1) басшы қызметкерді немесе кандидатты сайлауға (тағайындауға) келісім беру туралы өтініш ;

2) басшы қызметкерді немесе кандидатты сайлау (тағайындау) туралы сақтандыру ұйымының уәкілетті органының шешімі (кандидат үшін - осындай шешім болған жағдайда) ;

3) осы Ереженің Қосымшасына сәйкес ұсынылған басшы қызметкер немесе кандидат туралы деректер.

3. Сақтандыру ұйымы ұсынған толық құжаттар топтамасы болуын және дұрыс ресімделгендігін қызметіне сақтандыру ұйымының басшы қызметкерлерін келісу мәселелері кіретін уәкілетті мемлекеттік органның бөлімшесі (бұдан әрі - уәкілетті бөлімше) тексереді.

Ескерту: 3-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 1 қыркүйектегі N 328 қаулысымен .

4. Уәкілетті мемлекеттік органға ұсынылған құжаттар осы Ереженің талаптарына сәйкес келмеген жағдайда, құжаттар сақтандыру ұйымына қайта ресімдеуге қайтарылады .

Құжаттардың осы Ережеде белгіленген талаптарға сәйкес уәкілетті мемлекеттік органға толық құжаттар топтамасының түскен күні келісуге ұсынған күн болып саналады.

5. Уәкілетті бөлімше біліктілік комиссиясының қарауына қарастырылатын әрбір кандидат бойынша осы Ереженің қосымшасында көзделген нысан бойынша басшы қызметкер немесе кандидат туралы деректерді ұсынады.

Ескерту: 5-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 1 қыркүйектегі N 328 қаулысымен .

6. Сақтандыру ұйымының басшы қызметкерін сайлауға (тағайындауға) келісім беру туралы немесе келісім беруден бас тарту туралы шешімді біліктілік комиссиясы қабылдайды.

7. Тармақ алынып тасталды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 1 қыркүйектегі N 328 қаулысымен .

8. Біліктілік комиссиясының құрамы уәкілетті мемлекеттік орган басшысының бұйрығымен бекітіледі.

9. Басшы қызметкердің немесе кандидаттың кәсіби талаптарға сәйкестігі туралы мәселені шешкенде біліктілік комиссиясы уәкілетті мемлекеттік органды немесе оның бөлімшелерін инспекциялық тексерген кезде алынған қосымша мәліметтерді, сондай-ақ Заңның 34-бабының 4-тармағында көзделген мәліметтерді зерделеуге құқылы.

10. Біліктілік комиссиясы басшы қызметкердің немесе кандидаттың сәйкестігі туралы мәселені қарайды және толық құжаттар топтамасын ұсынған күннен бастап бір ай мерзімде оны сайлауға (тағайындауға) келісім беру туралы немесе келісім беруден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

10-1. Біліктілік комиссиясы кандидатты келісу туралы шешімді:

- 1) тесттен өту үшін оны шақырмай-ақ;
- 2) тесттен өту үшін оны шақыра отырып;
- 3) тесттен және біліктілік комиссиясының жиналысында әңгімелесуден өту үшін оның шақыра отырып қабылдай алады.

Ескерту: 10-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 1 қыркүйектегі N 328 қаулысымен .

10-2. Біліктілік комиссиясы төмендегідей жағдайлардың біреуі болғанда кандидатты шақырмай-ақ келісе алады:

1) кандидаттың жоғары білімі (бас бухгалтер үшін - жоғары экономикалық немесе жұмыс кәсібіне сәйкес келетін орта арнайы білімі) және қаржы саласында кемінде үш жыл жұмыс тәжірибесі бар;

2) кандидат сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының осы басшы қызметіне бұрын келісілген болса және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының осы басшылық қызметі кезеңінде уәкілетті мемлекеттік орган тарапынан санкциялар

қ о л д а н ы л м а д ы .

Ескерту: 10-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 1 қыркүйектегі N 328 қаулысымен .

10-3. Ереженің 10-1 тармағының 2) және 3)-тармақшаларында көзделген жағдайларда кандидат тестілеу рәсімінен өтеді.

Тесттен өту кандидаттың тест сұрақтарының ұсынылған жауаптарының бірін таңдауы арқылы компьютерлік немесе жазбаша сұрау нысанында жүзеге асады.

Тест сұрақтарының жауаптары біреуі дұрыс болып табылатын кемінде үш варианттан тұруға тиіс .

Кандидатты тесттен өткізу кезінде тест өткізушімен бір жерде уәкілетті мемлекеттік орган қызметкерлерінің ғана болуына рұқсат етіледі.

Кандидаттарға тесттен өту кезінде қандай да бір жазбаша, электронды немесе басқа да ақпараттық материалдарды пайдалануға тыйым салынады.

Ескерту: 10-3-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 1 қыркүйектегі N 328 қаулысымен .

10-4. Уәкілетті бөлімше қажет болған жағдайда алдын ала жіберілген жазбаша өтінім бойынша тесттен өткізушіге мемлекеттік, орыс немесе ағылшын тілдерін білетін аудармашыны ұсынады.

Ескерту: 10-4-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 1 қыркүйектегі N 328 қаулысымен .

10-5. Тесттен өтудің теріс нәтижесі кандидатты қызметіне сәйкес емес деп тануға және оны сайлауға (тағайындауға) келісім беруден бас тартуға негіз болып табылады .

Егер кандидат тест сұрақтары жауаптарының жетпіс және одан да көп процентіне дұрыс жауап берген жағдайда тесттен өту нәтижесі оң болып танылады .

Уәкілетті бөлімше кандидатты тесттен өту нәтижелерін басқа қажетті материалдармен бірге біліктілік комиссиясының қарауына ұсынады.

Біліктілік комиссиясы уәкілетті бөлімше ұсынған тестілеу нәтижелері мен құжаттарды қарау барысында біліктілік комиссиясының жиналысында кандидатпен әңгіме өткізу қажеттігі туралы шешім қабылдай алады.

Ескерту: 10-5-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 1 қыркүйектегі N 328 қаулысымен .

11. Біліктілік комиссиясының жұмысын ұйымдастыру, осы мәселе бойынша сақтандыру ұйымдарымен хат жазысуды қоса алғанда, оның қызметінің нәтижелерін ресімдеуді уәкілетті бөлімше жүзеге асырады.

Ескерту: 11-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 1 қыркүйектегі N 328 қаулысымен .

12. Біліктілік комиссиясы өз мәжілістерін қажетіне қарай өткізеді және мәжіліске оның құрамының кем дегенде 2/3 қатысса, заңды болып табылады. Шешім мәжіліске қатысушылардың қарапайым көпшілік дауысымен қабылданады. Дауыс тең болғанда - біліктілік комиссиясы төрағасының дауысы шешуші болып табылады. Біліктілік комиссиясының төрағасы болмаған жағдайда мәжілісті оның орынбасары өткізуге құқылы.

Біліктілік комиссиясының мәжілістеріне хаттама жүргізу үшін біліктілік комиссиясының құрамына кірмейтін хатшы қатысады.

13. Біліктілік комиссиясының шешімі хаттамаға енгізіледі. Егер біліктілік комиссиясы мүшесінің қаралып отырған мәселе бойынша ерекше пікірі болса, ол хаттамада көрсетіледі.

14. Біліктілік комиссиясының мәжілісіне шақырылған басшы қызметкер немесе кандидат келмей қалған жағдайда, оны келісу туралы мәселе біліктілік комиссиясының келесі мәжілісіне қалдырылады. Екінші рет келмеген жағдайда, біліктілік комиссиясы бұл тұлғаны келісу туралы мәселені сақтандыру ұйымы біліктілік комиссиясының мәжілісіне келмеу себептерін көрсетіп, қосымша өтініш жасағанға дейін қарамай қалдыруға құқылы.

15. *Тармақ алынып тасталды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 1 қыркүйектегі N 328 қаулысымен .*

16. Уәкілетті мемлекеттік орган Заңның 34-бабында көзделген негіздер бойынша :

1) басшы қызметкердің лауазымына сәйкес емес деп тану туралы шешім қабылдауға ;

2) басшы қызметкерді немесе кандидатты сайлауға (тағайындауға) берілген келісімді қайта қарауға құқылы.

16-1. Сақтандыру ұйымының басшы қызметкерін сайлауға (тағайындауға) бұрын берілген келісімді қайта қарауға негіз болған жағдайда уәкілетті бөлімше сақтандыру ұйымына қажет болған жағдайда қажетті құжаттарды ұсыну талаптарымен қоса анықталған фактілер туралы жазбаша хабар береді. Сақтандыру ұйымы уәкілетті мемлекеттік органға екі апта ішінде талап етілген құжаттармен бірге жазбаша түсініктеме ұсынады және оны қаралатын мәселеге қатысты құжаттар пакетімен толықтыра алады.

Уәкілетті бөлімше басшы қызметкер кандидаты бойынша оны сайлауға (тағайындауға) бұрын берілген келісімді қайта қарау туралы мәселені қарау үшін жазбаша қорытынды жасайды және осы мәселе жөніндегі құжаттармен бірге біліктілік комиссиясының кезекті отырысында оны қарау үшін сақтандыру ұйымының басшы қызметкерін біліктілік комиссиясының жиналысында оны сайлауға (тағайындауға) берілген келісімді қайта қарау үшін уәкілетті мемлекеттік органға шақыру туралы жазбаша хабарламаны ұсынады.

Ескерту: 16-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 1 қыркүйектегі N 328 қаулысымен .

17. Уәкілетті бөлімше он күндік мерзімде сақтандыру ұйымына уәкілетті мемлекеттік орган қабылдаған шешім туралы хабарлауға міндетті.

Ескерту: 17-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 1 қыркүйектегі N 328 қаулысымен .

17-1. Басшы қызметкерді сайлауға (тағайындауға) келісім беруден бас тартылған жағдайда көрсетілген қызметкер сақтандыру ұйымы уәкілетті мемлекеттік органның келісімінсіз басшы қызметкерінің лауазымдық міндеттемелерін орындаудың рұқсат етілген ең ұзақ мерзімін міндетті сақтаған жағдайда сақтандыру ұйымы уәкілетті мемлекеттік органның шешімін алған күннен бастап 30 күннен аспайтын мерзімде қызметінен босатылады.

Ескерту: 17-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 1 қыркүйектегі N 328 қаулысымен .

18. Басшы қызметкерлерді сипаттайтын деректерді есепке алу мақсатында уәкілетті мемлекеттік орган сақтандыру ұйымдарының басшы қызметкерлер құрамы бойынша мәліметтер тізбесін жасайды.

19. Біліктілік комиссиясының шешіміне сақтандыру ұйымы, басшы қызметкер немесе кандидат шешім қабылданған күннен бастап он күндік мерзім ішінде уәкілетті мемлекеттік органның жоғары органына не сотқа шағым беруіне болады.

20. Осы Ережеде реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес шешіледі.

Төраға

Сақтандыру (қайта сақтандыру)
ұйымдарының басшы қызметке
ұсынылатын қызметкерлерін,
басшы қызметкерлердің
лауазымдарына сайлануға
(тағайындалуға) ұсынылатын
кандидаттарды келісу және
сақтандыру қызметін реттеу және
қадағалау жөніндегі уәкілетті
мемлекеттік органның біліктілік
комиссиясының өкілеттіліктері
туралы ережеге қосымша

Ескерту: Қосымша жаңа редакцияда жазылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 1 қыркүйектегі N 328 қаулысымен .

Басшы қызметкер немесе кандидат туралы деректер
(баспалық форматта ресімделеді, шрифт 14)

(кандидат тағайындалатын лауазым көрсетіледі)

(сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының атауы)

А т ы - ж ө н і

Т у ғ а н кү н і , ай ы , жы лы

Білімі (оқу бітірген жылы, жоғары оқу орнының атауы, мамандығы)

Қаржы рыногындағы жұмыс
с т а ж ы :

- 1) сақтандыру қызметін;
- 2) басқа қаржы ұйымдарындағы қызметін;
- 3) аудиторлық қызметін;
- 4) бухгалтерлік саладағы қызметін қосқанда

Еңбек қызметі туралы мәліметтер:

N	Жұмыс кезеңі(ай, жыл)	Ұйымның атауы, лауазымдары
1	.	
2	.	
3	.	

Жақын туыстары мен тумалары (әкесі, анасы, балалары, аға-інілері, апа-сіңлілері, жұбайы; жұбайының әкесі, анасы, аға-інілері, апа-сіңлілері):

N	Аты-жөні	Туған жылы	Туыстық қатысы	Жұмыс орны және қызметі
---	----------	------------	----------------	-------------------------

1 .
2 .
3 .

Заңды тұлғалардың жарғылық капиталына тікелей немесе жанама қатысуы:

N	Атауы және орналасқан жері	Заңды тұлғаның жарғылық қызметінің түрлері	Сіздің қатысу сомаңыз және үлесіңіз
---	-------------------------------	---	---

1 .
2 .
3 .
4 .
5 .

Алынған заемдары туралы мәліметтер:

N	Заем берген адамның атауы немесе аты және мекен-жайы	Заем бойынша негізгі борыштың атауы	Заем беру күні	Заемды өтеу күні	Ағымдағы кезеңге берешек сомасы	Заем бойынша сыйақы ставкасы (процентпен, жылдық)
---	--	---	----------------------	------------------------	--	--

Заңда белгіленген тәртіппен өтелмеген және алынбаған сотталғандығы бар ма - иә/жоқ

Сақтандыру қызметіне байланысты құқық бұзушылықтар үшін әкімшілік жауапкершілікке тартылды ма - иә/жоқ

Бұрын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының немесе еріксіз таратылған, оның ішінде банкрот болып танылған басқа заңды тұлғаның (ұйымның атауы, қызметі, жұмыс кезеңі, таратылу/банкрот болу себептері) басшы қызметкері болып табылды ма - иә/жоқ

Осы мәселеге қатысы бар басқа ақпараттар

Мен, _____, осы ақпаратты тексергенімді, оның шынайы әрі толық болып табылатындығын растаймын және мен берген мәліметтерде жалған мәліметтердің болуы менің сайлануыма (тағайындалуыма) берілген келісімді қайта қарауға негіздеме болып

табылатындығын және бұдан кейін маған қатысты Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес санкциялар қолдануға әкеп соғуы мүмкін екендігін мойындаймын.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК